

## Хромтау ауданында мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 25 мамырдағы № 132 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 9 маусымда № 5525 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 2021 жылғы 4 наурыздағы № 47 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 04.03.2021 № 47 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9, 27 баптарына және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14010 тіркелген бұйрығына сәйкес, Хромтау ауданының әкімдігі **КАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Хромтау ауданы бойынша ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота:

елуден жүз адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

жүз бірден екі жүз елу адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

екі жүз елу бірден артық адам - жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде белгіленсін.

**Ескерту. 1 тармаққа орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тілінде мәтін өзгермейді - Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 29.04.2019 № 97 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Шілмановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК